

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Психиатрия, психотерапия және наркология кафедрасы.

Тақырып: Аутистикалық спектр бұзылыстары. Аутизм



Орындаған : Исабайқызы
Н
Топ: 616-2
Тексерген:Ахметова Д.А

Жоспары:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Аутизм түрлері
- Емі
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

- **Аутизм** (гр. autos - өзім) – адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды **ерте балалық аутизм** (ЕБА) синдромы дейді.

- Аутизм терминінің астарында аутизм мәселесін қарастырушы ғалымдардың бірі **К.С. Лебединскаяның** көрсетуі бойынша «өзінен, шынайы өмірден алшақтау немесе сыртқы әрекеттерге әсердің парадоксалдығы, пассивтілік немесе ортамен қарым-қатынаста ерекше жарақаттанғыштық» түсінігі жатыр. Ең алғаш аутизм деген терминді 1912 жылы швейцар психиатрі **Э. Блэхер** ұсынған. Аутизм ауруын бірінші ашып зерттеген АҚШ психиатрі – **Лео Каннер**. Аутизм соқырлық, керемдіктен де жиі кездеседі. Соңғы жылдары аутизмнің кездесу жиілігі 10 мың жаңа туған балада 15-20 жағдай, онда да қыздардан гөрі ұлдарда 4 мәрте жиі кездеседі. Ресми дерек бойынша Қазақстанда 1099 бала



Этиологиясы

- Аутизм – ми жұмысының бұзылуынан туатын ауру. Мамандар дерттің 300-ге жуық себебін атап отыр. Бірақ нақты тұжырым, дәйекті дәлел жоқ. Елімізде орташа есеппен 50 баланың бірі аутизмге шалдығады екен.
- Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі.
- Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар т.б. барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар.

Жіктелуі:



Ғалым **Л. Каннердің** зерттеулері бойынша ерте балалар аутизмі дамуының симптомдарын үшке бөліп жіктеуге болады:

1. Аутикалық көңіл-күй (қайғырулар, күйзелулер)
 2. Стереотиптік қайталана беретін мінез-құлық көріністері;
 3. Сөйлеу дамуының ерекше бұзылулары.
- [3]

Сонымен қоса Л.Каннердің пікірінше, ерте балалық аутизмі өз бетінше бұзылады дей келе, оның негізгі белгілерін атап көрсетеді:

- Адамдармен толыққанды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндіктің болмауы;
- Сыртқы әлемнен оқшаулану;

- Аутист бала сұрақ қоймайды және жауап та бермейді, мимика, ым-ишарат (жест) арқылы қарым-қатынас жасаудан бас тартады. Аутист балаларды 4 топқа бөлуге болады:
- аурудың ауыр көрінісімен сипатталатын топтағы балалар безушілік, ортадан оқшаулау, еш нәрсеге көңіл аудармау ерекшеленеді, көп уақытын түңілумен өткізеді. Мұндай балалар сөйлемейді, адамдарға, адамның көзіне және бір нәрсеге көзін тікпейді, күлмейді, жыламайды. Атын атап шақырғанда үндемей, дыбыс шығармай, ешқандай реакция білдірмейді. Олар бір жері ауырып жарақаттанса, қарындары ашып, тоңғанды сезбейді. Үй ішінде бағытсыз ары-бері жүреді, жиһаздардың үстіне шығады, терезенің алдында тиспесең бірнеше сағаттар бойы отыра береді. Үлкен адам мұндай баланың назарын аударайын деп тырысқан жағдайда, бала айқайлайды, жылайды, төбелеседі, түкіреді, тырнайды, яғни қатты қарсылық көрсетеді.
- Бұл топтың балалары адамның көзіне тіке қарамайды, басқа нәрселерге де көзін тіке қадап, бағытты түрде қарай алмайды, бірақ нәрселердің өздері, өздерінің түрлері мен дыбысымен сыртқы пішінімен балалардың назарын өздеріне аудартқызады. Мысалы: кілем немес алаша біткенше жүре береді. Бұл балалардың бір қалыптылығы сағаттар бойы терезеде отырып бір бағытқа қарап отыра береді. Ал бір нәрсе керек болса, олар үлкен адамды ертіп апарып, керекті нәрсеге қолын салады.
- Балалар аздап белсенді, олар қоршаған ортадан толық безбеген бетінде қорқыныш бар, қимылдары еркін емес, сөздері түсініксіз, бір сөзді қайталай береді, күрлмеліп сөйлейді, қимылдары импульсивті, яғни отырып-отырып аяқастынан жүгіріп кетеді, өзін-өзі жарақаттайды. Бұл топтағы балалар өте дауласқыш, еш өкінбейді, бәрін керісінше жасайды. Бала өзіне ұрысқанды қалайды, тек өзі сөйлейді, ешкімді тыңдамайды, сөйлеткізбейді. Сөйлегені өте жылдам, дыбысы қатты. Сөзі МОНОЛОГ түрінде. Кейде ересек адам сияқты, күрделі сөздермен сөйлейді, бірақ мағынасын түсінбейді. Сөз қоры жақсы, бірақ та диалог құрастыра алмайды.
- Бұл балаларда аутизмнің жеңіл түрі. Балалардың мимикасы шектеулі, алаңдаушы болып келеді, сондықтан сөздері жай, көздеріне қарай алады, бірақ тұрақсыз. Олар ұялшақ, жасқаншақ болып келеді. Олар өтірік айту, алдауды білмейді.
- --

Мұндайда баланың жалпы дамуы тежеледі. Мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін. Өзге балалармен де ойнамайды. Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды. Яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты адами сезімдердің ешқайсысы болмайды. Оған бәрібір. Өз әлемінде, өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін. Ештеңені қажет етпейді.

Ранние признаки Аутизма (от 2х лет)*



Не смотрит в глаза



Не интересуется детьми



Не любит прикосновений




Чувствителен к некоторым звукам



Выстраивает предметы в линейку



Нет речи.
Не может сказать чего хочет



Не осознает опасных ситуаций



Гиперактивен или
наоборот пассивен



Частые истерики

***Для определения риска развития аутизма пройдите тест М-CHAT**

ВНИМАНИЕ!

Если Вы заметили признаки аутизма у ребенка, **ОБЯЗАТЕЛЬНО** обратитесь к педиатру, неврологу, психиатру

Переведено с издания «Autism physician handbook». Help autism Now society, 2012г.
Переводчики: Панченко Александр (panix@bigmir.net) и другие.



Мы вместе!
сообщество особых семей

Аутизмнің емі. Дәрі-дәрмектермен емдеу синдромдық принцип бойынша тағайындалады және ауру белгілерін азайтуға бағытталады. Эпилепсия ұстамалары болған жағдайда оған қарсы дәрілер тағайындалады. Сырқат баланың ауруханада жатып емделуі ұзақ болмауы тиіс. Бұнда ескеретін жайт, ауруханаға баланы ата-анасыз жатқызады, сондықтан бала үшін бұл үлкен психологиялық жарақат. Түзеу жұмыстары интеллектуалдық дамуы төмен балаларға қажет, ол сырқат баланың эмоциялық, қарым-қатынас аясын, қоршаған әлемді қабылдау ерекшелігін ескеретін арнайы әдістеме бойынша жүргізілуі тиіс. Ең дұрысы – педагогикалық әсерді, музыкалық, би және басқа сабақтарды, міндетті түрде психотерапияны қамтитын кешенді жұмыс.

Емі

Аутизмнің емі. Дәрі-дәрмектермен емдеу синдромдық принцип бойынша тағайындалады және ауру белгілерін азайтуға бағытталады. Эпилепсия ұстамалары болған жағдайда оған қарсы дәрілер тағайындалады. Сырқат баланың ауруханада жатып емделуі ұзақ болмауы тиіс. Бұнда ескеретін жайт, ауруханаға баланы ата-анасыз жатқызады, сондықтан бала үшін бұл үлкен психологиялық жарақат. Ең дұрысы – педагогикалық әсер, музыкалық, би және басқа сабақтар.



- **Аутизм кезіндегі психотерапия.** Ерте бала аутизмі кезінде, әсіресе сөйлеу және интелектуалдық бұзылысы бар балаларда, психотерапия кешенді терапиялық емнің құрамдас бөлігі болуы тиіс.
- **Оперантты оқыту (мінез терапиясы)** АҚШ және кейбір басқа елдерде (Норвегия, Оңтүстік Корея, бірқатар араб елдері, белгілі бір деңгейде Германияда да) өте кең таралған. Әдіс түрлі аспектілері бойынша қажетті мінез-құлықты қалыптастыратын сыртқы шарттарды болжайды: әлеуметтік-тұрмыстық дамуда, сөйлеуде, оқу пәндерін және өндірістік дағдыларды меңгеруде.
- **медико-психо-педагогикалық түзету әдістері.** Шетелдік әдістерге қарағанда айырмашылығы – педагогтар, психологтар мен психиатр-дәрігерлер арасындағы тұрақты өзара



- Аутист балалар суды өте жақсы көреді. Сондықтан оларды **«жаңбыр балалары»** деп атайды.
- Дельфинотерапия арқылы аутист балалардың 70%-ы жазылып кетеді деген тұжырымдаманы ғалымдар дәлелдеп отыр.
- Жүйелі терапия



**2 сәуір – бүкіләлемдік аутизм
жайлы ақпарат тарату күні.**



Қорытынды

- Мұндай балалардың мүмкіндіктері шексіз, тек оның көзін аша білу керек. Қорыта келе, айтарымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бәріміз осы аутизмге шалдыққан жандарда кездесетін қиыншылықтарды жеңе білуге, оларға өздерінің күшті қырларын жетілдіре түсуге көмектесе отырып, толыққанды өмір сүрулеріне қолұшын созайық.

- Пайдаланылған әдебиеттер:

- “Общая психопатология”.Морозов, Шумский.
- “Психиатрия”. Н.М.Жариков., Л.Г. Урсоков., Д.Ф.Хритинин., К.Т. Сарсембаев. Алматы-2010
- “Психиатрия” Р.Г.Илешева